

## **Әлкен Жапарұлы**

Әлкен Жапарұлы соғыс және еңбек ардагері, Қазақстан Республикасының ауыл-шаруашылығына еңбегі сіңірген қызметкер, 1916 жылы Сары-Арка жерінде Қарқаралы округіне қарасты Алтеке-сырым болыстығында Тайатқан Шұнақ тауларының етегінде өмірге келді. Әлкеннің әкесі Жапардың қыстауы аталас ағайыны, қазақ халқының сонғы ханы Кенесары Қасымұлының бас сардары Шұбыртпалы Ақжолтай Ағыбай батыр кесенесінен екі шақырым жерде орналасқан және күні бүгінге дейін қалаулы тастары сақталған.

Анасынан екі айлығында жетім қалған жас нәрестені алдынан жиырмасыншы ғасырдағы ұлтымыздың басына қара бұлттай төнген қасыретті жылдары тосып тұрды.

Оның туган жылы бірінші дүние жүзі соғысына кіріскен Ресей патшасының сертінен тайып қазақтан қара жұмысқа әскер алу туралы жарлығымен түспә түс келді. Бір жыл отпей артынан большевиктердің ұйымдастырған Октябрь төңкерісі басталды. 1919 жылы Арқа өңірін ашаршылық оты шарпыды. Оның артынша мал бағып бейбіт жатқан елді біресе ақ әскер, біресе негізі басқа ұлт өкілдерінен тұратын қызыл әскер келіп шырқын бұзды, тонады, бас қотеретін азаматтарын аяуандықпен өлтірді. Ел есін жана жинаған кезде асыра сілтеу саясатымен қатар келген екі жылдық жүт қазақ халқының жаппай қырылуына әкеліп соқты. Ағайынының қобінен айрылған Жапар ақсақал ұрпағын сақтап қалу үшін жалпы-жаяу Арқадан

Бетпак дала үстімен, Мойынқум асып қырғыздың Қара Балта қаласына жеткен. Осы жерде 14 жасар ұлы Әлкен екеуі орыс қулағына жалданып жан сақтаған.

1932 жылы Ораз Жандосов бастаған Қазақстан үкімет комиссия мүшелерінің үгіттеуімен Қырғыз топырағында жер ауып жүрген қазақ азаматтарымен бірге елге оралып Шу өзенінің төменгі сағасында Мойынқум жеріне қоныстанған. Келген бойда жанадан құрылып жатқан колхоз шаруашылығына әкелі балалы болып қызу кіріскен.

Осы қиелі Мойынқум топырағының 1938 жылы Әлкен Қызыл әскер қатарына

шақырылады. Әскери борышын атқаруды ССРО құрамына жанадан енген Батыс Украина шекарасында солдаттық қызметтен бастайды. Көзі ашық, ісіне ұқыпты, орыс тілін жете меңгерген, елгезек солдатты командирлері бірден байқап Әлкен Жапарұлын байланысшы мамандығына баулиды және көп ұзамай ВКП(б) қатарына мүшелікке қабылдайды.

Әлкен Жапарұлы 1939-1940 жылдары Фин соғысына қатысқан, 1941 жылдың 22 маусымынан совет-герман соғысының бірінші күнінен бастап соғыстың аяғына дейін қанды шайқастарға қатысып, екі рет Данк, Қызыл жұлдыз, екі рет Отан соғысы орденімен, бірнеше медалдармен марапатталады. Әлкен Жапарұлының әскери қызметі байланысшылар взвод командирінің орынбасары старшина дәрежесіне дейін көтерілген. 1945 жылдың ақпан айында совет әскері Польша жеріне кіріп, Висла өзенінен оту үшін болған кескілескен шайқаста Әлкен үшінші рет ауыр жараланып мұз астына батып бара жатқан жерінде қан қойлек жолдастарының көмегімен тірі қалады. Оның артының бір жылдан астам Украина, Әзірбайжан, Ресей жеріндегі әскери госпиталдарда емделіп 1946 жылы қайтадан әскери сапқа тұрған. Соғыс аяқталғанына жылдай уақыт отседе, әскери басшылық Әлкенді демобилизацияға жібермей бар болғаны сұрапыл 8 жылдан сонтек бір айлық демалыс беріп еліне барып қайтуға ұлықсат береді.

Әлкен Жапарұлының ерлікке толы өмірінің Ұлы отан соғысына байланысты бөлігі талай жазушылар мен журналисттердің мақалаларында жазылды.

1946–1952 жылдар аралығында Әлкен Жапарұлы Мойынқұм топырағындағы құрылған Семисозак ұжымшарының мал дәрігері қызметінен бастап еңбек етті. 1953 жылдан Жамбыл атындағы ұжымшар торағасының орынбасары, 1953- 1957 жылдары Карл Маркс атындағы ұжымшар торағасы, 1957-1978 жылы Фурманов атындағы қой шаруашылығы кеншарында ферма меңгерушісі болып еңбек етті. Әлкен Жапарұлы еңбектегі жетістіктері үшін Ленин, Октябрь революциясы орденімен марапатталды.

1976 жылы Әлкен Жапарұлы зейнетке шықты, оған Казак ССР-ның дербес зейнеткері атағын берген. Бірақ зейнетке шыққанына қарамастан Әлкен Жапарұлы еңбектен қол үзбеді, өзінің мол тәжірибесін жастарға үйретіп, өзінің қызметін жалғастырды.

Соғыста 3 рет алған ауыр жаракаты, Мойынқұмның климаттық қолайсыз жағдайында аямай еңбек еткен кездері босқа кетпеді, олар Әлкен Жапарұлының 71 жасында дүниесалуының себептерінің бірі болды.

1947 жылы Әлкен Жапарұлы Мойынқум жерінде туып өсіп, мектеп бітіріп, жанадан жұмысқа орналаса бастаған Әсемгүл Сыбанбайқызына үйленеді. Әкеміз Әлкен Жапарұлымен анамыз Әсемгүл Сыбанбайқызынан 8 ұлмен қыз өсіп өркендеп, бүгінгі күні оңдері бір жағы ата, бір жағы ана болып отыр. Кезінде толық білім алуға қолы жетпеген Әлкен Жапарұлы балаларының барлығына толық орта білім және жоғары білім алуына тікелей қамқоршы болды. 3 ұл, 5 қыз, барлығы бүгін белгілі азаматтар.

Ұлкен ұлы, Берікбол Әлкенұлы, Мойынқум жерінде көп жыл адал қызмет етіп, әкесінің енбегін жалғастырды.

Қызы, Құләш Әлкенқызы, денсаулық сақтау саласында енбек етіп жүр. Қазіргі қызметі Астана қаласындағы денсаулық сақтау бөлімінде жауапты қызметкер.

Ұлы, Барыс Жапаров, ғалым, техникалық ғылымдардың докторы, профессор, дипломат, Қазақстанның ғылыми білім беру жүйесін пайдаланушылар қауымдастығының бас директоры.

Ұлы, Айдар Жапаров, құрылыс фирмасының вице-президент қызметін атқаруда.

Қызы, Гүлжамал Әлкенқызы, Тұран Астана университетінің ректоры, белгілі ғалым, профессор.

Қызы, Сауле Әлкенқызы, қаржы саласында қызмет етіп жүрген белгілі маман.

Қызы, Лаура Әлкенқызы, Астана қаласында денсаулық сақтау саласында қызмет атқарады.

Кенже қызы, Ләйлә Әлкенқызы, Алматы қаласындағы туристік агенттігінің басшы

кызметін атқаруда.

Әлкен Жапарұлының күйеу балалары мен келіндеріде белгілі азаматтар, әр-қайсысы өз ісінің маманы, бәріде атадан қорған тәрбиесін бүгін өз кезегінде өз балаларына беріп, ұрпақты жалғастыруда.

Әлкен Жапарұлы өз өмірін өзінен бұрын өткен ағартып аталарын құрметтеуменен, солардың атына кір келтірмеу мақсатында, намысты қолдан бермейтін ер азамат болып өмір кешті.

2003 жылы Балқаш қаласының төрінде Әлкен Жапарұлының үлкен атасы Ағыбай батырға арналған ескерткішті Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев өз қолымен ашқан.

Атадан балаға ауысқан, еліне адал қызмет етуге тәрбиеленген, тәңіріне тек қана жақсылығымен көмегін шашқан, елін қорғауда, жан аямай еңбек еткен Әлкен Жапарұлының өзі өмірден аса да, ол кісінің бейнесі қазір алдымызда. Қазіргі өмірге келіп, жанадан ғана бірінші қадам басып жүрген Әлкен Жапарұлының шөберелеріде үлкен аталарын ардақтап отетініне сенімдіміз.